

«Бекітемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МҚҚК
басшысы



С. Дауешова

2025 ж.

«Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Дұрыс тамақтану туралы
әнгіме» бағдарламасын жүзеге асыру бағдарламасының
аясында өтетін әдістемелер байқауының
ЕРЕЖЕСІ

Байқау ұйымдастырушылары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»
МҚҚК.

1. Жалпы ережелер

Байқаудың осы Ережесі Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және
өткізу тәртібін айқындайды, Байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды,
оларды бағалау өлшемдерін, женімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Байқаудың мақсаты

Ұлттық мәдениет пен әдеп-ғұрышқа қызығушылықты қалыптастыруға, аспаздық
дәстүрлерді үйренуге және сактауға дайын болуға байланысты үздік педагогикалық
тәжірибелерді жалпылау және танымал ету арқылы «Дұрыс тамақтану туралы әнгіме»
бағдарламасының әдістемелік компонентін жетілдіру.

Байқаудың міндеттері

- Бағдарламаны жүзеге асырудың негұрлым тиімді әдістерін анықтау;
- Ұлттық әдеп-ғұрыштар мен дәстүрлерді ескере отырып, салауатты тамақтану
мәдениетін қалыптастыруда балалар мен жасөспірімдерде пайдалы әдістерді сіңірге
педагогтердің, ата-аналардың қызығушылығын арттыру;
- Өскелең ұрпақтың денсаулық мәдениетінің негіздерін қалыптастырумен
байланысты қызықты әдістемелік идеяларды насихаттау, тиімді педагогикалық тәжірибелі
тарату.

3. Қатысушылар

3.1. Байқауга «Салауатты тамақтану мектебі» жобасы аясында «Дұрыс тамақтану
туралы әнгіме» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімдері қатыса
алады.

С. Дауешова

4. Байқаудың шарттары

4.1. Байқау 4 кезеңнен түрады: 1 кезең – мектепшілік, мектеп кезеңінен өткен педагог қалалық 2-іріктеу (сырттай) кезеңіне өтеді, іріктеу кезеңінен өткен жұмыстар 3-кезеңге өтеді. 3-кезең келесіден түрады: визит картасы, авторлық әдістемені ұсыну, блицтурнир.

4.2. Байқауга «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыруда жаңа, инновациялық, тиімді әдістемелер туралы материалдар ұсынылады.

4.3. Байқау жұмысының мазмұны «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешенінде ұсынылған кез келген тақырыпты ашуы тиіс.

5. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

5.1. Байқау жұмыстары авторлық әзірлемелер және «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының мазмұнды компонентін жүзеге асырудың жаңа нұсқасы болып табылады.

5.2. Байқау әзірлеменің мазмұны «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасының шеңберінен шықпауга тиіс. Салауатты тамақтану тақырыбына сәйкес келмейтін басқа бағдарламаларға қатысты әдістемелік әзірлемелер байқауға қабылданбайды.

5.3. Байқау жұмысында авторға тиесілі емес идеялар мен мәтіндерді пайдалану кезінде ақпарат көзіне сілтеме жасау қажет.

5.4. Автор ұсынған әдістемелік идеяны басқа мұғалімдердің тәжірибесінде қолдануға болады.

6. Байқаудың өткізу тәртібі

6.1. 2025 жылдың 15 наурызына дейін «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыруда «Әдістемелер» байқауының мектепшілік кезеңі өткізіледі, женімпаз байқаудың қалалық кезеңіне қатысу мүмкіндігіне ие болады. Байқауға қатысу үшін: басшының қолы қойылған өтінімді және байқаудың мектепшілік кезеңі хаттамасын жолдау қажет.

6.2. Қалалық байқаудың 2- іріктеу (сырттай) кезеңі 2025 жылғы 17-31 наурыз аралығында өткізіледі, 3-кезең 2025 жылғы 14 сәуірге дейін өткізіледі (өткізу орны мен нақты күні/уақыты косымша хабарланады).

6.3. Қалалық байқауга қатысу үшін:

- 2025 жылғы 17-24 наурыз аралығында өтінім, мектепшілік кезеңі хаттамасын және қатысуышының байқау шарттарымен танысқаны туралы хабарламаны және материалдар электрондық нұсқада (1-косымша) r.shayahanova@astana-modern.edu.kz. электрондық мекенжайға жіберіледі. Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған өтінімдер мен материалдар қаралмайды. Байланыс телефондары: 87788472747, Шаяханова Роза Ақпанқызы,

6.4. Байқаудың қалалық кезеңінің женімпаздары 2025 жылғы сәуірде өтетін байқаудың республикалық кезеңіне қатысу жолдама алады.

7. Байқау материалдарына қойылатын талаптар

7.1. Жұмыс міндетті түрде ұсынылған талаптарға сай болуы шарт.

7.2. Байқау жұмысы «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша жұмыс жүйесінің толық сипаттамасын және нақты әдістемелік мысалдарды қамтуы тиіс.

7.3. Байқаудың жұмыс көлемі Word форматында, 12 әріппен 1,5 интервал арқылы машинкамен басылған мәтіннің 15 (он бес) параграфынан аспауы тиіс және иллюстрациялық материалды болмауы тиіс.

7.4. Байқаудың жұмыс құрылымы берілген нысанмен айқындалады (2-қосымша) және оған келесілер кіреді:

- титулдық бет: байқау жұмысының тақырыбы; автор туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты; білім беру үйімдарының атауы; лауазымы; мекенжайы (жұмыс) және байланыс телефоны; «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасындағы жұмыс өтілі.

- 1-парап: пайдаланатын бағдарлама бөлімнің авторы; әзірленген бағдарлама тақырыбы; байқауға қатысатын білім алушылардың жас ерекшіліктері; байқауға ұсынылған жұмыстың үйімдастыру нысаны (нысандары) - жоба, мереке, байқау, ойын және т.б.; байқауға ұсынылған жұмыстың жүзеге асырылған қызмет бағыттары (сыныптан тыс жұмыс, оқу қызметі, мектептен тыс жұмыс); шешілетін білім беру және тәрбие міндеттері; байқауға ұсынылған жұмыстың жаңалығы мен түпнұсқалығын сипаттау.

- 2-12-параптар: байқауға ұсынылған жұмыстың сипаттамасы: іс-шарандың немесе іс-шаралар жүйесінің мазмұны, жүзеге асыру технологиясы: дайындау, орындау кезеңдері, қорытынды шығару.

- 13-парап: ата-аналардың байқауға ұсынылған жұмыстың жүзеге асыруға қатысуының сипаттамасы.

- 14-парап: байқауға ұсынылған жұмыстың тиімділігін бағалау.

- 15-парап: пайдаланылған қосымша ақпарат көздерінің тізімі.

7.5. Байқау жұмысы қосымшаны қамтуы мүмкін. Қосымшаның көлемі шектелмейді. Қосымшада иллюстрациялық материалдар берілуі мүмкін: фотосуреттер, суреттер және т.б.

8. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

Байқауға ұсынылған жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

8.1. «Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасы бойынша тақырыштық сәйкестік»:

- сәйкес келеді (байқау жұмысы бағдарламаның қандай бөлімін, тақырыштарын қамтыйды) - 1 ұпай;

- сәйкес келмейді-0 ұпай, ұсынылған жұмыс талаптарға сай емес, кері қайтарылады.

8.2. Жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі

- әдістеме бағдарламаны жүзеге асырудың жаңа нұсқасын ұсынады (нұсқаның қысқаша сипаттамасы келтірілген) - 1 ұпай;

- бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды өзірлеу ұсынлады (дидактикалық материалдың қысқаша сипаттамасы келтірілген) - 2 ұпай;

- ойындардың, тапсырмалардың, өлең мәтіндерінің, әндердің және т.б. авторлық әзірлемелері бар (бірнеше мысал келтірлген) - 3 үпай.

8.3. Методологиясы

- әдістеме (негіздеме) бағдарланған атаулы аудиторияның жас ерекшеліктерін ескереді - 1 үпай;
- ұсынылған әдістеме заманауи технологияларды қолдану арқылы түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының жұмысына кіріктірілуі мүмкін - 2 үпай;
- әдістеменің тиімділігін бағалау механизмі және қолданылған әдістеменің нәтижелілігін растайтын зерттеу жүргізілді-3 үпайға дейін.

8.4. Технологиялығы

- ұсынылған әдістеме мақсатын сипаттамасын, оларды жүзеге асыру кезеңдерінің реттілігін, тиімділікті бағалау тәсілдерін қамтиды, бұл әдістеменің басқа педагогтердің жұмыс тәжірибесінде пайдалануға мүмкіндік береді-1 үпай;
- ұсынылған әдістеме түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының жұмысына кіріктірілуі мүмкін - 2 үпай;
- ұсынылған әдістеме түрлі білім беру салаларына кіріктірілуі мүмкін-3 үпай.

8.5. Тиімділігі

- ұсынылған әдістеменің қолдану отбасындағы, мектептегі балалардың тамақтануын ұйымдастырудың өзгеруіне әсер етті (растайтын деректер) - 1 үпай;
- ұсынылған әдістемені пайдалану балалардың өз тамағына қатысты мінез-құлқында нақты өзгерістер тудырды: олар тамақтану режимін сақтай бастады, гигиена ережелерін сақтауды дербес бақылай бастады, денсаулыққа пайдалы өнімдерді таңдауда артықшылық бере бастады (тестілеу, сауалнама және т. б. нәтижелерімен расталуы керек) – 2 үпай;
- ұсынылған әдістемені пайдалану балалардың дұрыс тамақтану ережелері туралы хабардарлығын арттыруға мүмкіндік берді (растайтын деректер) және ата-аналардың белсенді қатысуы - ұсынылған әдістеменің негізгі компоненттерінің бірі-3 үпай.

9. Комиссия құрамы

9.1. Комиссия құрамы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ әдіскерлері, білім беру ұйымдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

Комиссия мүшеслері ұсынылған материалдарды бағалауды байқаудың ұйымдастыру алқасы бекіткен критерийлерге сәйкес жүзеге асырады, жеңімпаздарды анықтайды (1,2,3 орын), жеңімпаздың жұмысын байқаудың республикалық кезеңіне жіберуді ұсынады.

10. Қатысушыларды марапаттау

10.1. Байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпаздары (1,2,3 орын) Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ дипломдар және сертификаттармен марапатталады.

10.2. Байқау жеңімпаздарының қатарына кірмеген қатысушыларға сертификаттар тапсырылады.

**«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын
жүзеге асыру бойынша «Әдістемелер» байқауына қатысуға
Отінім**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚҚ басшысының атына
жазылады

Педагогтің ТАЖ (толық) _____

«Дұрыс тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасындағы жұмыс
етілі _____

Білім беру үйымдарының атауы

Қатысушының эл. мекен-жайы, телефон нөмірі _____

Байқау жұмыстың атауы _____

Бақау жұмысы бағытталған білім алушылардың жас ерекшеліктері _____

Қосымша материалдар (қатысушының қалауы бойынша)

Байқау шарттарымен танысады растау:

Мен, _____, «Дұрыс
тамақтану туралы әңгіме» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Әдістемелер»
байқауының қатысушысы _____

Байқау шарттарымен таныстым және олармен толық келісемін.

Байқауға қатысушының қолы _____ / _____ / _____

Білім беру үйымының басшысы

ТАЖ, қолы

**«Дұрыс тамақтану туралы әнгіме» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
«Әдістемелер» байқауына
жұмыстарды ұсыну формасы мен құрылымы**

Титул парагы

Байқау жұмысының атауы	
Автордың (аты-жөні- толығымен)	
Мектептің-толық атауы	
ББҰ мекенжайы, электронды поштасы	
Байқауға қатысушының мекенжайы	
Байланыс телефоны	
электронды поштасы, телефоны	

Бірінші парап

Автор қолданатын бағдарламаның бөлімі (мысалы, «Екі апта» немесе «Дұрыс тамақтану формуласы»)	
Автор қолданатын бағдарлама тақырыптары	
Байқауға ұсынылған жұмысқа қатысушы білім алушылардың жас ерекшелігі	
Байқау жұмысының үйімдастыру нысанының (нысандарының) атауы-жоба, мереке, конкурс, ойын және т. б.	
Байқау жұмысының жүзеге асырыл орны (сыныптан тыс жұмыс, оку қызметі, мектептен тыс жұмыс)	
Қандай білім беру және тәрбие міндеттерін шешуге мүмкіндік береді	
Байқау жұмысының жаңалығы мен бірегейлігі	

2-12 парап

Байқау жұмысының сипаттамасы-12 шрифт, 1,5 интервал арқылы.
(іс-шараның немесе іс-шаралар жүйесінің мазмұны, іске асыру технологиясы:
дайындау, орындау кезеңдері, қорытындылау)

13- парап

Байқау жұмысына ата-аналардың қатысуы

14- парап

Байқау жұмысының тиімділігін бағалау

15- парап

Қандай қосымша ақпарат көздері пайдаланылды

